

**Болгар мектеп-бақшасының 2023-2024 оқу жылы бойынша Қамқоршылық кеңес
отырысының хаттамасы №2**

Болгарка ауылы

28.12.2023ж.

Қатысқандар:

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері,
мектеп әкімшілігі, мектеп ұжымы

Күн тәртібінде:

1. Мектеп – бақша директорының қамқоршылық кеңес мүшелерінің алдындағы есебі
2. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсету, демеушілерді тарту шаралары
3. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп-бақша директоры Қ.Қ.Жұрмағамбет сөз алды. Мектеп басшысы өз сөзінде 2023-2024 оқу жылының қыркүйек айы мен желтоқсан айына дейінгі атқарылған жұмыстарға есеп беріп өтті. Қазіргі таңда мектепте 22 мұғалім жұмыс жасайды. Барлығы да жан-жақты, білімді тұлғалар. Жаңа форматтағы мамандарды дамыту мен жетілдіру үшін жаңа ақпараттық технологияларға және мектептің материалдық базасына байланысты. Мектеп бойынша 59 оқушы білім алуда. Оқушылардың барлығы үйірме, секцияларға қатысады. Бастауыш кластың 27 оқушысы өзіргі таңда тегін ыстық тамақпен қамтылып отыр. Пилоттық жоба бойынша мектебімізде жаратылыстану бағыты бойынша кабинет жабдықталды. “Біртұтас тәрбие бағдарламасы” бойынша ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы ашылып, ата-аналармен оқу жұмыстары ай сайын жүргізіліп жатыр. “Мектепке жол” акциясы аясында жетім, аз қамтылған, күн көрісі төмен көпбалалы отбасы балаларына демеушілер есебінен, мектеп ұжымының қолдауымен көмек көрсетілді. Оның ішінде күн көрісі төмен көп балалы отбасынан 2 оқушыға оқу құралдары берілді.





Екінші мәселе бойынша сөз кезегін Қамқоршылық кеңесінің төрайымы М.Ф.Маринова алды. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек беру мақсатында демеушілерді тарту керектігін сөз етті. Жаңа жыл қарсаңында мектептің әлеуметтік педагогымен бірлесіп ауылдың жеке шаруашылық қожалықтарына, ауылдық әкімшілікке, дүкендерге хат жолданып, демеушілік көрсетуді сұрағандығын айтты. Жауап ретінде ауылдың “Тайкожа” жеке қожалығы мектеп-бақшасындағы “Еркетай” тобы мен даярлық класс оқушыларына жаңа жылдық тәтті сыйлықтар сыйлағанын және “Дастан” шаруашылық қожалығының қолдауымен жартылай жетім (әкесі қайтыс болған) 1 оқушыға, күн көрісі төмен отбасынан 3 оқушыға жаңа жылдық сыйлықтар табыс еткенін сөз етті.

Үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э.А.Алманиязова оқушылардың қауіпсіздігі туралы сөйледі. Балалардың өмір қауіпсіздігі басты назарда екенін айтып, қысқы уақыттағы көктайғақта абай болу, сай жағалауына бармау, қираған ғимараттарда ойнамау, өрт, жол қауіпсіздігі турасында баяндама жасады. Ата-аналар мен класс жетекшілер тарапынан түсіндірме жұмыстарын жүргізу керектігін ескертті.

Қаулы:

1. Мектеп директоры Қ.Қ.Жұрмағамбеттің есебі қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Материалдық жағдайы орташа отбасы балаларын қолдау бойынша демеушілерді тарту ұйымдастырылсын.
3. Оқушылардың қауіпсіздігі назарға алынып, ата-аналар мен класс жетекшілер тарапынан қадағалансын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы
Хатшысы
Мүшелері

	М.Ф.Маринова
	Э.А.Алманиязова
	Ә.Н.Бітімбаева
	В.В.Маринова
	А.Б.Алманиязов
	Д.Т.Есентаева
	М.Елюбаев